

Алға ауданының Петровка селосын Ақсазды ауылы деп қайта атау туралы

Бірлескен Ақтөбе облысының әкімдігінің 2008 жылғы 26 наурыздағы № 78 қаулысы және Ақтөбе облысының мәслихаттың 2008 жылғы 26 наурыздағы № 55 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2008 жылдың 4 сәуірде № 3243 тіркелді

Ескерту. Орыс тіліндегі тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша "аул" сөзі "село" сөзімен ауыстырылды - Ақтөбе облысының әкімдігінің 11.12.2015 № 452 қаулысымен және Ақтөбе облыстық мәслихатының 11.12.2015 № 359 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабына сәйкес, халықтың пікірін ескере отырып және Алға аудандық мәслихаты мен әкімдігінің, облыстық ономастика комиссиясының ұсыныстары негізінде, **облыс әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және облыстық мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Алға ауданының Петровка селосын - Ақсазды ауылы деп қайта аталсын.
2. Осы қаулы және шешім ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі
Облыстық мәслихаттың сессия
төрағасы

Е. САҒЫНДЫҚОВ
К.ЖҰМАБАЕВ